

4 Новичкова, Т. Русский демонологический словарь [Текст] / Т. Новичкова. – СПб.: [б.и.], 1995. – 640 с.

5 Разумова, Е. Творчество А.П. Чехова в аспекте пространства [Текст] / Е. Разумова. – Томск: Томский государственный университет, 2001. – 521 с.

6 Строева, М. Чехов и художественный театр [Текст] / М. Строева. – М.: Искусство, 1955. – 356 с.

Материал поступил в редакцию: 6.10.2017

ЖАРКОВА, В.И., АХАТОВА, А.М.

А.П. ЧЕХОВТЫҢ «ЧАЙКА» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІК

Мақалада А.П. Чеховтың «Чайка» пьесасындағы көркемдік кеңістік қарастырылады, көркем кеңістіктің анықтамасы беріліп, оның негізгі түрі ашылады; тарихи-әдеби ғылымда зерттелу дәрежесіне назар аударылады; атақты классиктің драматургиясында кеңістік мифтік-поэтикалық дәстүрмен, тұрақты құрылыммен айқындалады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: көркемдік кеңістік, аңыздық дәстүр, нақты кеңістік, құрылым, дәлел.

ZHARKOVA, V.I., AKHATOVA, A.M.

THE ARTISTIC SPACE IN A.P. CHEKHOV'S PLAY «THE SEAGULL»

The article considers the artistic space in A.P. Chekhov's play «The Seagull», the concept of artistic space and its main types. Attention is drawn to the degree of the topic elaboration in historical literary science, it is argued that the space in the dramaturgy of the great classics is built taking into account the mytho-poetic tradition, which has a stable structural design.

Keywords: artistic space, mytho-poetic tradition, surreal space, real space, structure, motif.

ӘОЖ 796.078(1-4)

Какашев, Қ.Т.,

дене шынықтыру, спорт және туризм факультетінің дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқушысы

Бекмухамбетова, Л.С.,

денешынықтыру және спорттық дайындық жөніндегі ғылыми-біліктілік орталығының маманы, магистрі, ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Түйін

Бұл мақалада тоғызқұмалақтың даму тарихы қарастырылған. Бүгінде тоғызқұмалақ үлкен сұранысқа ие болып отырған, кеңінен дамып, қанат жайып келе жатқан ұлттық ойынымыздың бірі. Оның дамуы үшін де бірталай игілікті істер жасалынып келеді. Бұның айқын көрінісі ең алғаш тоғызқұмалақтан елімізде жекелей чемпионаттар мен Әлем Чемпионаттары өткізіліп келеді. Қазіргі уақытта тоғызқұмалаққа тек қазақтар ғана емес, шетел азаматтары қатты қызығушылық танытып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде ұлттық ойынымыз кеңінен насихатталып жатыр. Бұл ойын әлемдік деңгейдегі ойын үлгісіне айналуға.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тоғызқұмалақ, чемпионаттар, Әлем Чемпионаты, ұлттық ойын.

1. Кіріспе.

Қазақ халқының ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев тоғызқұмалақ ойынын ерекше мадақтаған, әсіресе Абай бұл ойынды сүйсініп ойнаған. Тоғызқұмалақ ойнау үшін Абайдың ауылына көне ойынның шеберлері мен ойыншылары әдейі жиналады екен. Абай бос уақытында ойынды ұйымдастыру үшін үнемі ойын тақтасын алып жүрген. Тоғызқұмалақ – 4 мың жылдық тарихы бар, қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың ішінде ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі. Республикамыздың әр түпкірінен табылған, басқа қашалып қалдырған тоғызқұмалақ тақтасының бейнелері де ойынның өте ертеде пайда болғанынан хабар береді [1].

Өткен ғасырдың 60-жылдарында Орталық Комитетке ашық хат ұйымдастырып, тоғызқұмалақ ойынының ұрпақ үшін қажет екенін дәлелдеп, араша түскен зиялы қауым өкілдері К. Каукетаев, Р. Абдуллин және осы өнерді серік еткен М. Әуезов пен Қ. Қуанышбаевтар ойынның қазіргі заманға жетуі үшін зор еңбек сіңірді.

Қазіргі таңда республика бойынша қазақтың төл ойыны – тоғызқұмалақпен шұғылданушылардың саны 100 мың адамға жақындады. Тоғызқұмалақпен тек шетелдегі қазақтар ғана емес, сонымен бірге Англия, Франция, Германия, Испания, Чехия, Ресей, Украина, Қытай мемлекеттерінде де жергілікті халықтардың арасында ойнаушылардың саны артуда. Ресей ғалымдарының ішінде этнограф Н.Пантусов 1906 жылы Қазан қаласында тоғызқұмалақ туралы алғаш мақала жариялады. 1936 жылы Орта Азияда алғаш рет «Тоғызқұмалақ» кітабын жазған түркітанушы С. Аманжолов болды [2].

Халқымыз сонау ерте заманнан өнердің алуан түрін бойына сіңіріп, сол өнерлерін ұрпақтан ұрпаққа аманаттап, бүгінгі күнге жеткізіп келеді. Тоталитарлық жүйенің ықпалында болуында қарамастан біз атадан балаға мирас болып келе жатқан төл құндылықтарымызды сақтай білдік. Бұлай деуге негіз, дүниеде ұлт ретінде өзіне тән мәдениетін, өнерін, дәстүрін жалпы айтқанда сол ұлттың өзіне тән құндылықтары тарих бетінен өшіп, мына жаһандану заманында жойылып кетіп жатқаны қаншама. Қай ұлт болмасын өткеннің көрінісі болған құндылықтарын осы уақытқа дейін жеткізіп, келер болашаққа өткізіп беруі тым күрделі құбылыс. Тек дара шыққаны, өмірлік мәні, құны бар құндылықтар ғана келер ұрпаққа жетіп отыратыны айқын. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халыққа жолдауында «*Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды*» – деп атап өткен болатын. Міне, осындай ұлтымыздың ежелден өшпей бүгінгі күнге жетіп, қазір қарқындап дамып отырған құндылығымыздың бірі, ұлттық ойынымыз – тоғызқұмалақ. Бұл халқымыздың тамырын тереңге жайған төл мұрасы. Бұл спорт түрі – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен иық теңестіре алатын, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани, логикалық ойлау өнері.

Ойынның шығу тарихы туралы нақты қандай бір дәлме-дәл дерек жоқ. Алайда зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, ойын осыдан 4000 жыл бұрын пайда болған деседі. Тоғызқұмалақ көшпелі қазақтың өмірінен көрініс беретін бірден бір ойын. Себебі ойын көшпенді қазақтың тұрмыс-тіршілігімен және мал шаруашылығы тығыз байланысты. Ерте кезден-ақ халық жерден арнайы отау қазып, ойын жүрісі үшін малдың құмалақтары немесе қиыршық тастарды пайдаланған. Бұл ойынның алғашқы көріністері болып табылады. Кейін заман ағымына сай арнайы тақталар пайда болып, ойынның өзіндік ережелері беки түсті. Бүгінде тоғызқұмалақ үлкен сұранысқа ие болып отырған, кеңінен дамып, қанат жайып келе жатқан ұлттық ойынымыздың бірі. Оның дамуы үшін де бірталай игілікті істер жасалынып келеді. Бұның айқын көрінісі ең алғаш тоғызқұмалақтан елімізде жекелей чемпионат 1974 жылдан бері өткізіліп келеді. 1998 жылдан бері арнайы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді.

2009 жылдың 19-26 қазан аралығында Шымкент қаласында Азияның тұңғыш чемпионаты өтті. 2001 жылы Тоғызқұмалақ әуесқой ойыншылары үшін Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Туризм және

спорт министрлігі жыл сайын ересектер, жастар мен жасөспірімдер, ардагерлер арасында жекелей және командалық есепте ел чемпионаттарын өткізуде.

Қазіргі уақытта тоғызқұмалаққа тек қазақтар ғана емес шетел азаматтары қатты қызығушылық танытып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде ұлттық ойынымыз кеңінен насихатталып жатыр. Бұл әлемдік деңгейдегі ойын үлгісіне айналып бара жатыр. Сөзімізге дәлел мәселен, Монғолияда тоғызқұмалақтан мектептерде арнайы олимпиада өтеді екен. Көршілес Қытай, Қарақалпақстан елдерінде ойынның үлгілері сипатталған арнайы кітаптар, ғылыми еңбектер шығарылған. 2007 жылы Македонияның Охрид қаласында өткен Түркі тілдес халықтардың жастар құрылтайында 40 елден келген 240 делегатқа ұлттық ойыннан арнайы семинар, тренингтер өткізілген. Тоғызқұмалақ алты рет 2006 жылы – Лондонда, 2007, 2008, 2009 және 2010 жылдары – Прага мен Пардубицеде (Чехия), 2010 жылы – Канны қаласында (Франция) дүниежүзілік зияткерлік олимпиада мен фестивальдердің бағдарламасына енді. 2009 жылдың 15 қыркүйегінен бастап ең алғаш рет ғаламторда тоғызқұмалақ ойыны алғаш рет интернетте тіркеліп, онлайн жүйедегі ойнайтын бағдарламасы жасалды. Бүгінде тоғызқұмалақ тек түркі тілдес халықтар арасында ғана насихатталып жатқан жоқ, Англия, Германия, Чехия, Франция сында әлемнің дамыған елдері де үлкен қызығушылық танытып отыр. Осындай ұлттық мұрамыздың кеңінен насихатталып жатқаны да өз тарапынан оң бағасын, жемісін бере білді. Бұның айғағы 2010 жылдың 1-7 қараша аралығында Елорда төрінде алғаш рет тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты өтті. Алғашқы әлем чемпионатына Англия, Әзірбайжан, Германия, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Латвия, Монғолия, Түркия, Түркменстан, Ресей, Чехия, Швейцария, Украина сияқты елдерден барлығы 50-ге жуық спортшы қатысқан. Сол уақыттан бері тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты әлемнің өзге де елдерінде ұйымдастырылып келеді.

«Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы аралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектен болса да жинастыруымыз керек» – деп ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей, атадан балаға мирас боп, бүгінге жеткен мәдени құндылығымыздың бір бөлшегі, ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің басты парызымыз. Олай болса, ұлттық ойынды тек қана ұлықтап, болашақта олимпиада ойындарының қатарынан көрейік [5].

2. Материалдар мен әдістер.

Тоғызқұмалақтан 1948 жылы Алматы қаласында өткен бірінші республикалық чемпионатқа 4 адам қатысып, бірінші жеңімпаз ретінде Жамбыл облысының өкілі – Ш. Өтегенов танылды. Тоғызқұмалақ тақтасындағы отауларға сандық белгі қойылмастан бұрын әріптік белгілер қойылған, оның авторы – Ш. Ыбыраев. 1949 жылы өткен Қазақстан Республикасының II Чемпионатында тоғызқұмалақ тақтасындағы отауларды әріптік белгілеу нотациясы қолданылды. 1974 жылы әріптік белгілеу сандық белгілеуге көшірілді. Авторы – С. Тілеубаев.

1947 жылы Қазақ ССР тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Тоғызқұмалақ ойынының ережесі ретінде С. Аманжолов пен Т. Сұлтанбековтың кітаптарындағы қағидалар алынды. 1990 жылы тоғызқұмалақ Федерациясының президенті болып Н.Жүнісбаев сайланды.

1978 жылы Қазақ ССР-нің ресми чемпионы болған қостанайлық Д.Поляков «Спорт шебері» ресми атағына да тұңғыш рет ие болды. Оған дейін Қазақ ССР-нің жекелей чемпионаты ашық түрде өткізіліп келген болатын. 1984 жылы Қазақ ССР-нің командалық чемпионаты алғаш рет өткізілді.

1980 жылы Қазақ ССР тоғызқұмалақ федерациясының тапсыруымен тоғызқұмалақ ойының негізгі қағидаларын қаратаулық Ә. Ақшораев пен алматылық Н. Жүнісбаев өзгірістерді енгізді. Ал 1991 жылы Б. Әзімжанов пен М. Таникеев тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына жаңа толықтырулар мен түзетулерді енгізді.

1990 жылы Тоғызқұмалақ Федерациясының I Республикалық конференциясында қостанайлық халықаралық дәрежедегі спорт шебері Б. Әзімжановтің ұсынысымен рейтинг-

парағы енгізілді. Бірақ бұл жұмыс кейін жүйелі түрде жүргізілмей қалғанымен, 2006 жылы қайта жанданды.

1991 жылдан бері Қазақстан Республикасының жекелей чемпионаты ерлер мен әйелдер арасында бөлек өткізіліп келеді. Оған дейін олар сайысқа бірге түсіп келген болатын. 1991 жылдың чемпиондары жамбылдық спортшылар – ерлер арасында Қазыбеков Ғани мен әйелдер арасында Өмірзақова Гүлнар болды.

1997 жылдан бастап ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыс өткізіліп келеді. Бұл жарысқа Монғолия, Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің спортшылары қатысуда.

1999 жылы ҚР жекелей чемпионатының үш дүркін жеңімпаздары Б.Әзімжанов пен А.Жақапбаеваға алғаш рет «Халықаралық дәрежелі спорт шебері» спорттық дәрежелері берілді.

2001 жылдан бері ҚР Туризм және спорт министрлігі ҚР ардагерлері, жасөспірімдер мен жастар арасындағы чемпионаттарды бөлек өткізіп келеді.

2006 жылы әр ойыншының жеке дәрежесін (рейтинг) есептеу тәртібі қайта енгізілді. 2007 жылы рейтинг бойынша тұңғыш рет «Спорт шебері» спорттық дәрежесін қостанайлық Д. Қасенова орындады. Тоғызқұмалақ тарихында 2006 жылы алғаш рет Лондонда өтетін зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына, кейін 2008 және 2009 жылы Чехияда өтетін дүниежүзілік зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына енді.

2008 жылы Орал қаласында өткен ҚР Президентінің жүлдесі үшін жарыста Халықаралық Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылды. Президенті – А. Байменов. Оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Ресей Федерациясы және Қытай елдері мүше болды. 2008 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Қауымдас-тығының www.9kumalak.com ресми сайты жұмыс жасай бастады.

2009 жылдың 15 қыркүйегінен қанадалық Арти Сандлер, Германиялық Ральф Геринг және қазақстандық Серік Ақтаевтың бастауымен әлемдік ғаламторда тоғызқұмалақ ойыны тіркеліп, www.iggamecenter.com сайтында тоғызқұмалақты онлайн жүйеде ойнайтын бағдарлама жасалды. Сонымен бірге, ғаламторда қазақ, чех, ағылшын, орыс, түрік тілдерінде сайттар ашылып, жұмыс жасалуда.

2010 жылы тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Серік Ақтаев пен Диана Кенина және бағдарламашы Ернар Шамбаев бірігіп тұңғыш тоғызқұмалақтан компьютер бағдарламасын жасады [3].

3. Нәтижелер.

2010 жылдың 1-7 қараша аралығында Астана қаласында Тоғызқұмалақтан I Әлем Чемпионаты өтті. Алғашқы Әлем Чемпионатында барлығы 19 мемлекеттен: Антигуа – Барбуда – 2 адам, Әзірбайжан – 1 адам, Германия – 1 адам, АҚШ – 1 адам, Испания – 1 адам, Қазақстан – 6 адам, Қырғызстан – 6 адам, Қытай – 2 адам, Өзбекстан – 4 адам, Грузия – 1 адам, Монғолия – 6 адам, Түркия – 2 адам, Түркменстан – 2 адам, Ресей (Алтай, Башқұртстан, Қарашай-Шеркесия, Татарстан, Тыва) – 6 адам, Чехия – 1 адам, Швейцария – 1 адам, яғни 43 спортшы, оның ішінде 25 ер, 18 әйел адам қатысты. Классикадан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Ғалымжан Темірбаев (Қазақстан). Классикадан қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Блицтен ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Ғалымжан Темірбаев (Қазақстан). Блицтен қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан).

2012 жылдың 13-20 шілде аралығында Пардубице (Чехия) қаласында Тоғызқұмалақтан II Әлем Чемпионаты өтті. II Әлем Чемпионатында 10 мемлекеттен (Германия, АҚШ, Ресей, Швейцария, Түркия, Украина, Латвия, Қырғызстан, Чехия және Қазақстан) 47 спортшы қатысты. Классикадан ерлер арасында Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Блицтен ерлер арасында Әлем чемпионы Айдос Сейтжан (Қазақстан). Блицтен қыздар арасында Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Рапидтан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы

Серік Ақтаев (Қазақстан). Рапидтан қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Диана Кенина (Қазақстан).

2015 жылдың 13-17 сәуір аралығында Алматы қаласында Тоғызқұмалақтан III Әлем Чемпионаты өтті. 23 мемлекет қатысты. Классикадан қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Классикадан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Хакимжан Елеусинов (Қазақстан). Блицтен ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Серік Ақтаев (Қазақстан). Рапидтан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Кабиев Нурбек (Қазақстан). Блицтен қыздар арасында Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан).

2017 жылдың 3-8 қыркүйек аралығында Астана қаласында Тоғызқұмалақтан IV Әлем Чемпионаты өтті. 25 мемлекет қатысты. Классикадан ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Хакимжан Елеусинов (Қазақстан). Классикадан қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Әсел Далиева (Қазақстан). Блицтен ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Кубан Ибрагимов (Қырғызстан). Блицтен қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Қымбат Нусерова (Қазақстан-Қостанай). Рапидтен ерлер арасында бірінші Әлем чемпионы Кабиев Нурбек (Қазақстан). Рапидтен қыздар арасында бірінші Әлем чемпионы Каримова Лина (Қазақстан). Бірінші рет өткізілген жұптық номинация бойынша Қазақстан құрама командасы жеңімпаз атанды [4].

4. Қорытынды.

Тоғызқұмалақтан IV Әлем чемпионаты 2017 жылдың қыркүйек айының 03-08 аралығында Астана қаласында өтті. Онда әлемнің 25 елінен 70-тен астам спортшы шеберліктерін көрсетті. ЕХРО-2017 көрмесі аясында өткен халықаралық турнирді Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырды. Жарыстың жабылу салтанатында Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы президенті Алихан Байменов пен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ельсияр Қанағатов жылы лебіздерін білдірді. Алихан Байменов «біз үшін кез келген халықаралық турнирде тек жеңімпаздарды анықтау ғана емес, ұлттық зияткерлік ойынымыздың әлемге таралуы әрі насихатталуы, жаңа деңгейге көтерілуі де маңызды» екенін атап өтті. Әлем чемпионатында АҚШ, Антигуа мен Барбуда, Ауғанстан, Әзірбайжан, Германия, Грузия, Колумбия, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Ресей, Сирия, Тәжікстан, Түркия, Түркменстан, Үндістан, Ұлыбритания, Чехия, Швейцария сияқты мемлекеттерден – әлемнің төрт құрлығынан спортшылар қатысты. Австрия, Камерун, Польша және Украина спортшылары тұңғыш рет тоғызқұмалақтан әлемдік аренада сайысқа түсті. Чемпионат ерлер және әйелдер арасында жеке-жеке тоғызқұмалақтың классика, рапид, блиц түрлері бойынша өтті. Алғаш рет осы чемпионатта тоғызқұмалақтан жұптық командалық жарыс болады. Оған әр мемлекеттен 1 ер, 1 әйел адам қатысты. Зияткерлік «жекпе-жектер» нәтижесінде Қазақстан, Қырғызстан және Монғолия спортшылары жеңіс тұғырынан көрінді. Сонымен қатар, 6 тамызда өткен федерация жиынында тоғызқұмалақтың әлемде таралу аясын кеңейту, әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастыру мәселелері талқыланып, кадрлық шешімдер қабылданды. Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ Федерациясы Президенті лауазымына – Алихан Байменов, Вице-президент лауазымдарына – профессор Жан Решитский (Швейцария), Рауф Өзген (Түркия), Асылхан Сәкей (Монғолия), Дастан Қапаев (Қазақстан), ал Бас хатшылыққа – Мақсат Шотаев сайланды. Тоғызқұмалақтан келесі V әлем чемпионаты 2019 жылы – Түркияда, Еуропа чемпионаты 2018 жылы – Францияда, Азия чемпионаты 2018 жылы – Монғолияда өтеді деп жоспарлануда.

Әдебиет тізімі

1 Қырық бір құмалақ [Мәтін]. – А.: «Астана» баспагерлік-шығармашылық орталығы, 2001. – 19 б.

2 Қазақстан – спортшылар елі [Мәтін]. Энциклопедиялық анықтамалық / Ө. Жолымбетов, А. Құлназаров. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2009. – 880 б.

3 Тоғызқумалақ зияткерлік қауымдастығы [Электрондық ресурс]. – URL: <http://www.9kumalak.com/index>.

4 Тоғызқумалақ зияткерлік қауымдастығы [Электрондық ресурс]. – URL: www.9kumalak.com.

5 El.kz [Электронный ресурс] / Информационный ресурс о жизни Казахстана. – URL: <http://el.kz/kz/news/archive>.

Мәлімет редакцияға түсті: 9.10.2017

КАКАШЕВ, К.Т., БЕКМУХАМБЕТОВА, Л.С.

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЫ ТОГЫЗКУМАЛАК

В этой статье обсуждается история тогызкумалака. Сегодня тогызкумалак является одной из самых популярных и широко развитых национальных игр. Для его развития есть много предпосылок.

Это видно по проведению первого индивидуального чемпионата по тогызкумалаку и включению игры в Чемпионат Мира. В настоящее время тогызкумалак представляет большой интерес не только для казахов, но и для иностранцев. Во многих частях мира наша национальная игра широко пропагандируется, становится игрой мирового класса.

Ключевые слова: тогызкумалак, чемпионаты, Чемпионаты Мира, национальная, игра.

КАКАШЕВ, К.Т., БЕКМУХАМБЕТОВА, Л.С.

THE HISTORY OF THE NATIONAL GAME TOGYZKUMALAK

This article discusses the history of togyzkumalak. Today togyzkumalak is one of the most popular and widely used developed national games. There is much good for its development. This can be seen from the first individual championships in togyzkumalak and the World Cups. Togyzkumalak currently represents a large interest not only for Kazakhs, but also for foreigners. In many parts world, our national game is widely promoted. It becomes a world class game.

Keywords: togyzkumalak, championships, World Cups, national, game.

УДК 37.06

Мнайдарова, С.С.,

кандидат педагогических наук,

КГПИ, г. Костанай, Казахстан

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ НА РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ УЧРЕЖДЕНИЙ СРЕДНЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования социально-экономических ценностных ориентаций студентов в технических и профессиональных образовательных организациях. Только через освоение ценностных норм происходит совершенствование специалиста. В процессе профессиональной подготовки специалиста необходимо принимать во внимание различные социально-экономические общественные трансформации, т.к. именно они напрямую отражаются в ожиданиях общества и работодателя и соответствующим образом влияют на цели среднего профессионального образования. Сформированная позитивная динамическая система ценностных ориентаций позволяет молодым людям конструктивно преодолевать кризисы, способствует успешному освоению профессиональной деятельности и личностному росту в целом.

Ключевые слова: ценность, мотивация, развитие, образование, конкурентоспособность, личность.